

2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 01 ақпандағы № 16 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 ақпанда № 2221 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 31 бабының 1 тармағының 13), 14) тармақшаларына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі, қоғамдық жұмыс түрлері, көлемі, қатысушылардың еңбекақы мөлшері мен оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Қ.Е. Рысбаев):

1) жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жолдануын;

2) осы қаулының интернет - ресурста жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Т.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә.Дауылбаев

КЕЛІСІЛДІ:

«Қарақия аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі» ММ
Қ . Р ы с б а е в

01 ақпан 2013 жыл

«Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ
Ә. Әбдіхалықова

01 ақпан 2013 жыл

Қарақия ауданының әкімдігінің
2013 жылғы 01 ақпандағы
№ 16 қаулысына қосымша

2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі, қоғамдық жұмыс түрлері, көлемі, қатысушылардың еңбекақы мөлшері мен оларды қаржыландыру көздері

№	Кәсіп орындар, ұйымдар, мекемелер атаулары	Жұмыс берушілерден түскен сұраныс	Жолданатын жұмыссыздар саны	Бір адамға төленетін еңбек-ақы мөлше-рі теңге (ең тө-менгі еңбек ақының 1,5 мөл-шерінде)	Қоғамдық жұмыс түрлері	Жұмыс мерзімі	Қар-жыландыру көздері
1	Құрық селосы әкімі-нің аппараты мемлекеттік мекемесі	35	35	27990	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергі-лікті бюджет
2	Жетібай кенті-нің әкім аппараты мемлекеттік мекемесі	40	40	27990	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергі-лікті бюджет
3	Мұнайшы кенті-нің әкім аппараты	30	30	27990	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	

	ты мемлекеттік мекемесі				таратушы, хат тасушы.		Жергілікті бюджет
4	Сенек селосы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі	15	15	27990	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
5	Бостан селолық аумағы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі	15	15	27990	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
6	Құланды селолық аумағы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі	15	15	27990	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
7	Қаракия аудандық жер қатынастары бөлімі	3	3	27990	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
8	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Маңғыстау облысының Әділет департаменті Қаракия ауданының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	4	4	27990	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
					Маманның көмекшісі, ескертпе	3 айдан 6 айға дейін	

9	Қарақия аудандық ішкі істер бөлімі	3	3	27990	таратушы агенттер, хат тасушы.	Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергі-лікті бюджет
	Барлығы:	160	160				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК